

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Костанай облысы

Бабашева Азиза	1
Жульманов Жалғасбек	5
Меңдыбаев Жаслан.....	7
Мұқашева Әсемай.....	9
Олькова Светлана	11
Шагаева Диана.....	13

Бабашева Азиза

10 сынып. Бөрлі орта мектебі
Қарабалық ауданы Қостанай облысы
Жетекшісі: Туктубаева Бахыткуль Баяндиновна

Ежелден ер тілегі-ел тілегі,
Адал ұл ер боп туса-ел тірегі.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен ...

Фашистік Германия тізе бүкті... Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 60 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 70 жыл өте шықты.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар (бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар) Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Өжеттік пен ерлікке бару кездейсоқтық емес. Отаны мен артында қалған елінің алдында жауынгерлік борышты өтеуде болаттай берік тәртіпке бойұсыну еді. Алматыда жасақталған генерал-майор И.Панфилов атындағы сегізінші қазақстандық гвардияшы атқыштар дивизиясы Кеңес Одағының астанасы – Москваны қорғау күндерінде Ұлы Отан соғысының тарихына мәңгі өшпейтін ерлік беттерін жазды. Москваны қайсарлықпен қорғаған 28 панфиловшы батырларды халқы ғұмыр бойы құрметтеп есте сақтайды. Қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа шабуыл жасауға қатысты, оның шаңырағына Жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының даңқты ұлы Рақымжан Қошқарбаев қадады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигельдиновтың және көптеген жерлестеріміздің аттары алтын әріптермен жазылды.

Севастополь үшін шайқаста Кеңес Одағының батыры Дабаш Бабажанов айрықша көзге түсті. Оның ерлігі батыр қаланы қорғау үшін болған қырғын-қиямет соғыс бейнеленген панорамаға түсірілген. Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған Нүркен Әбдіров, Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетовтың жау “жолбарысына” қас қақпай қарсы шауып, гранатамен қоса жарылған Қарсыбай Сыпатаевтың есімдерін мақтанышпен атайды. Бұлардың бәріне Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Кеңес Одағының Батыры атағын екі реттен алған, даңқты сұңқарларымыз Талғат Бигелдиновтың, Сергей Луганскийдің, Леонид Беданың және Иван Павловтың ерліктері халқымыздың мәңгі есінде. Белорусс ормандарында Әди Шәріповтың басқаруындағы партизан отрядтары жауға қарсы шайқасты. Украин жерінде Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры С.Ковпактың партизандық бірлестігінде Қасым Қайсеновтың отряды болған еді.

Біз 900 күн қоршауда қалған ленинградтықтардың рухын көтеріп, қажырын жаныған Жамбыл атамыздың «Ленинградтық өренім» атты жалынды жырын жадымызда ұстаймыз. Республика ұлы жеңіс үшін орасан үлес қосты. Қазақстан майданға қорғасынның 85 пайызын, мыстың 30 пайызын, көмір мен мұнайдың барлығын өндірді. Сол ауыр жылдарда еліміз майданға 6 миллион тонна бидай, 797 мың тонна ет, 150 мың мініс жылқысын берді. Сондай-ақ, республикамыз 4 миллиард сом ақша жинап, әскери техникалар мен қару-жарақтар сатып әперді.

Соғыстың қысылтаяң кезеңінде емшектегі баласын жөргекке орай салып, кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп, түн ортасында қайтқан олардың жарлары мен аяулы ата-анасын, туыстарын, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін болсын!» деген игі ниетті асыл сезімін кім есінен шығара алады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты.

Қазақстандықтар Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласын туған жеріндей жанқиярлықпен қорғады, Сталинград (қазіргі Волгоград) түбінде, Украинаны, Белоруссияны, Прибалтиканы, Молдавияны неміс-фашист

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

басқыншыларынан азат етуге қатысты. Ленинград қаласына қауіп төнгенде Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өренім» атты жүрек жарды, жалынды жырын майдандағы «жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір» жауынгер балаларына жолдады. Кейіннен қаланы қорғаушы жауынгерлердің бірі: «Бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық», - деп еске алды.

Қазақстандықтар Варшаваны, Софияны, Белградты, Праганы азат етушілердің қатарында болды. 151-қазақстандық бригада негізінде құрылған 150-Идриск атқыштар дивизиясы жауынгерлері «ұялы қасқырдың» ордасы Берлинге шабуыл жасады, Рейхстагтың күмбезіне жеңіс туын тігуге қатысты. Алқызыл туды биікке көтеріп, алғаш болып жеңіс дабылын қаққандардың қатарында қазақ Рахымжан Қошқарбаев болды.

Ұлы Жеңіске жау тылында ел кегін, ер намысын қорғаған партизан жасақтары да үлес қосты. Зерттеулер бойынша Белоруссия мен Украина ормандарының партизан отрядтарында 3 мыңнан аса қазақтар шайқасқан. Партизан отрядтарына командир, комиссар болған, есімдері ел аузында аңызға айналып, кейінгі ұрпаққа жеткен Әди Шәріпов, Қасым Қайсенов, Жұмағали Саин есімдері көзіқарақты көпшілікке мәлім.

Қазақстандықтар қанішер жаумен қасыққанын аямай осылай шайқасты. Олардың әрі ортақ іске, жеңіске, отанына деген сезім біріктірді. Дүниежүзін шарпыған жиһандық соғыс қазақ халқының батыр ұлт екені баршаға мәлімдеді. «Правда» газетінің бетінде 1941 жылы қазан айында «Қазақтар» деген мақала жарияланды. Бұл Мәскеуді қорғаған 8-гвардиялық Панфилов атындағы дивизия туралы еді. Осы біржеңіскүндерікөрнекті совет жазушысы И. Эренбургтың 1942 жылы жазған «Қазақтар» деген мақаласында: «Бір фриц маған: «Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіптіешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады. Олар тура бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естідім. Бұрын мұндай халық бар екенін естімеп едім...» деді. Фрицтер көпнәрсені білмеуші еді. Оларға Ресейдің үлкен екенін ғана айтып, ал ол елде көптеген халық тұратынын айтпаған. Шығыстың кең даласында ежелден қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығына көндіккен ержүрек адамдар тұрады. Бұл елдің ақындары Қазақстанның даңқты батырлары жайлы сыр шертеді. Ал бұл елдің батырлары ең алдымен арын ардақтаған. Ер Тарғын алты кез алдаспаннан қолына алып, алтымың жауға жалғыз өзі қарсы шабуылға шығып тұрып: «Маған бәрінен де арым қымбат!» деп айғай салған!...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақтар орыстармен қатар тұрып ұрыс салуда. Біз бірге қайғы кештік, бірге жаумен шайқасып жүрміз, жеңістің алғашқы таңын да бірге қарсы алып, бірге қуанатын боламыз!» -деп жазды.

Белгілі ағылшын тарихшысы Александр Вертөзінің «Ресей 1941-1945 жылдағы соғыста» деген кітабында: «Қызыл Армияның табанды солдаттарының бірі қазақтар болды, тұтас алғанда қазақтар бүкіл соғыс бойында өздерін жақсы жағынан таныта білді. Тіпті Сталинградтың өзін де ең өжет солдаттар қатарында қазақтар тұрды.»- дегенді айтады.

От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түсуде. Бірақ олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Зұлым жаумен шайқаста әке, аға, бауырларымыз қанын төгіп, қолымыз жеткен Жеңіс шапағы кейінгі ұрпақтарға жетпек. Келешек үшін, дүние жүзілік жаңа жойқын соғысқа жол бермеу үшін бұл туралы ұмытуға болмайды.

Жульманов Жалғасбек

11 сыныбы Бөрлі орта мектебі

Қарабалық ауданы Қостанай облысы

Жетекшісі:Қасымов Руслан Жумабекович

Соғыс жалмап аға –іні ,бауырды
Зар жылытты тыныш жатқан ауылды,
Бірақ біздер өздеріңнің арқанда
Көрген жоқпыз сол бір қырғын дауылды.

Соғыс кімнің болса да жүрегіне дақ түсіргені шындық.

Бұл дақты тек уақыт қана емдеп, келтіре алатын шығар.1941-1945 жылдарда елін қорғауға аттанған қыз-жігіттердің кеуделерінде намыс оты ойнап, патриоттық сезімнің жалындағаны бізді бүгінгі бейбітшілік өмірге әкеледі. Бүгінгі ұрпақ сол кездегі жалынды жастарға, бүгінгі ардақты ардагерлерге, аталарымыз бен әжелерімізге мәңгілік қарыздармыз. Олардың ерліктері мен өнегелі істеріне бас июге міндеттіміз.Себебі олар біз үшін қымбаттыларынан айырылды, өмірлерін құрбан етті.Төрт жылға созылған алапат соғыстың жеңісі-Ұлы Жеңіс! Сол Ұлы Отан соғысындағы Жеңісіне биыл 70 жыл толмақшы. Бұл үлкен мейрамға балаша дайындалып,сол күнді жыл сайын асыға күтіп жүретін ардагерлеріміздің саны өкінішке қарай жылдан-жылға азайып бара жатыр.Бірақ , олардың есімдері мәңгіге өшпейтіні де айқын.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

От пен жалынға оранған 1418 күн мен түн... Оның әр минут, әр сағаты қауіп-қатерге толы болғанын сол жылдары қолына қару алып, Отан қорғауға аттанған майдангер ағаларымыз бен апаларымыз жақсы біледі. Жеңіс оңай келген жоқ. Жұдырықтай жұмылып, анталаған жауға қарсы тұра білудің арқасында ғана мүмкін болды. Асқан ерлік көрсетіп, Жеңіс күнін жақындатқандардың ішінде қазақстандықтар да бар еді. Олардың арасынан соғыс техникалары мен құралдарын ұршықша үйіріп, жете меңгерген жандар да көптеп шықты. Оған мерген, тағы басқа да түрлі мамандықты игеріп жаудың бетін кері қайтарған ер-азаматтардың ерлігі куә бола алады. Жеңістің 70 жылдығы мерекесі қарсаңында сұрапыл соғыс жылдарында бейбіт күнді жақындатқан жандар жөнінде айтқым келеді. Олардың ерлік істері әрқашанда біздің есімізде.

Соғысқа қатысқандар мен қазақстандықтардың ең басты мақсаты барлық қиындықтар мен шығындарға қарамастан, майдан шебін берік ұстап тұру еді. Мәскеуді қорғау кезінде Алматыда жасақталған 316- дивизиясын атап өтпеу мүмкін емес. Дивизияның құрамында болған 28 батыр ерлігі бүкіл елге жайылды. Олар жаудың 56 танкісін Мәскеуге жібермей Дубосеково разьезінде асқан ерлік көрсетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің ұшқыштарымыз майданның алғашқы сағатында-ақ ұрысқа кіріскені белгілі. Әуе шекарасын қорғау үшін ұшқыштар ұшады. Ерлік пен қаһармадықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткендердің алдыңғы шебінде ұшқыштар жүреді. Жалпы, бұл соғыста жаужүрек 2420 ұшқыш Кеңес Одағының Батыры атанған. Солардың ішінде Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, біздің жерлестеріміз Иван Павлов пен Леонид Беданың есімдері мәңгі ұмытылмайды. Қарағандылық Нүркен Әбдіров пен Михаил Янко, араға ұзақ жылдар салып барып ұлы ерлігі мойындалған Хиуаз Доспанованы атауға болады.

Қай халықтың болмасын тарихы мен тағдыры әруақытта айшықты із қалдырған арыс азаматтарымен ажырғасыз байланысты. Әр адам өз дәуірінің өскіні. Әйтсе де кез келген тарихи тұлғаның замана төрінен алар орыны мен үлкен үлес-салмағы, бәрінен бұрын оның кемеңгерлігімен, алысқа көз тастап, келешекті кең толғай білуімен және туған халқы мен Отан тағдырына деген елжандылығымен өлшенсе керек. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында осындай хас батырларының біразының өнегелі өмірін тағы бір мәрте атап өтуге лайық. Сұлтан Баймағамбетов Ленинградтан жаудың шегініп бара жатқан кезінде кеңес әскерлері шабуылға шықса болды жау пулеметтен карша боратады Жағдай қиындады. Кенет біреу еңбектей жөнеледі. Бұл Сұлтан еді. Ол еңбектеп барып жау пулеметіне жақындап, кеудесімен оның дзотын жапты. Сұлтан ерлікпен қаза тапты. Жауынгерлер шабуылға шықты. Ерлігі үшін Сұлтан Баймағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Бұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болады. Өйткені Ұлы Отан соғысына әрбір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бесінші қазақстандық қатысып майданда ерлік жасады. Олардың ішінде 500 жуығы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Зұлым соғыс қаншама адамның тағдырын тәлкі етті. Қаншама арманды, қаншама ғұмырды қыршынынан қиды. Ондай соғысты кейінгі ұрпақ көрмей-ақ қойсын. Кеңес Одағының тарапынан құрбан болған адамдардың саны бұл соғысқа қатысушы қай жақпен салыстырғанда да мейлінше мол болды. Майданда жаумен арпалысып, от кешіп жүрсе де жеңіспен елге оралған аталарымыздың осындай ерлік істерінен үлгі аламыз.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанды қазақ халқы достық қарым-қатынасты нығайтудың орталығына айналдырды. Олай деуге біздің хақымыз бар, өйткені қиын-қыстау жылдары біздің елімізге өзге ұлт өкілдері жер аударылып қоныстандырылды. Сонымен бірге Қазақстан майдан арсеналына айналып, әскерді азық-түлікпен, оқ-дәрімен қамтамасыз етті. Осы жылдары біздің ауыл тұрғындары да соғысқа өз үлестерін қосты. Олар егін егіп, мал бағып майданға қажетінше астық, ет, май жөнелтіп отырды. Еңбекке 14-18 жас арасындағы жас өспірімдер араласып, соғыстың тез бітуін асыға күтті.

Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қасіреті мен қасиеті жанымды түршіктіреді, әрі ерліктерге басыңды идіріп таңқалдырады. Соғыс адам жаратылысының ғаламат құпияларының шексіздігін көрсетті. Ел басына күн туған кезеңдерде рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кектенді. Қарсы келген ажалға қасқайып қарсы тұрды.

Өмір толқыны өзгерді. Қираған қалалар қайта тұрды. Қазір қирамағандай қалыпқа келді. Блиндаждар мен окоптар жасыл құрақтың құшағына енді. Соғыс солдаттары атанған ардагерлердің қатары да көзімізге көп шалына бермейді. Тірі қалғандарының өзі қартайғанда бала сияқты болып үйлерінде отыр. Алайда, бүгінгі ұрпақ-өздерінің бейбіт өмірінде, алаңсыз күлкісінде, тыныш ұйқысында, үміттері мен арманда, тербелген тал бесіктердің қуанышында, Отанды қорғаған аталарымыздың, апаларымыздың мәңгілік үлесі тұрғанын ұмытпау керек. Ұмытпайды да.

Мендыбаев Жаслан

7 сынып оқушысы Ново-Троицк орта мектебі

Қарабалық ауданы Қостанай облысы

Жетекшісі: Нүркешева Гүлжан Сайранқызы

Ешкім де ұмытылмайды

Осыдан 70 жыл бұрын 1945 жылы 9 мамырда миллиондаған адамның өмірін жармаған сұрапыл соғыс аяқталды. Жеңісті сан миллиондаған адамдар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бес жыл бойы минуттап, сағаттап, жылдап сарыла күтті емес пе? Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекара-шылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күлталқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі Беларусь жерінде қалған.

Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, біздің арамызда асқар таудай болып жүрген ата – апаларымызға басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс. Тек қана Қостанай облысынан Ұлы Отан соғысына 73 мың адам аттанып, соның жартысына жуығы майдан даласында мерт болған. Қазір ортамызда жүргендердің өзі 200-ге жетер жетпес. Жылдан-жылға қатары сиреп бара жатқан қарт солдаттардың бар тілегі еліміздің бейбіт аспанын ешқашан соғыс өрті шалмасын дегенге саяды.

1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Мысалы: Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов. 1942 жылғы желтоқсан айында Талғат Бигелдинов кейіннен 144 - ші гвардиялық деп аталған алғы шептегі 800 - ші шабылдаушы авиаполкке келіп қосылып, соның құрамында соғыстың соңғы күндеріне дейінгі бүкіл от - жалынды бастан өткере кешіп өтті.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парактаған адам Жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей - теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы - қасірет әкелмеген бірде - бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға - ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен...

Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 11600 адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, оның 497 - сі қазақстандық, оның ішінде 97 - сі қазақ. 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды. бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын
Кім келіспейді бұл тілекпен,

- деп, бүгінде Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдерін өткізу керек. Бұл соғысты ешкім де ұмытпайды, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Мұқашева Әсемай

7 сынып Абай Құнанбаев атындағы №6 жалпы
орта білім беретін мектеп, Арқалық қаласы Қостанай облысы
Жетекші: Байгенжина Злиха Байкенқызы

Отан үшін от кешкендер

Дарқан мінез, дария ой, дара шындар,
Жарқын жүзді, жүрегі ақ, жаны асылдар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Арамызда жүретін алшаң басып,
Майдангерлер азайып барасыңдар.
Махмұтбай Әміреұлы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл өтті. Бұл- сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, -

деп тебіренген Мұқағали атамыз. Ол кісі қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ардагерлеріміздің қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Олар туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Бұл -Ұлы мереке. Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды, себебі бұл-өмір заңы.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Соғысқа қатыспаған адамдарда күні –бойы тылда еңбек етті. Соғысқа аттанған жауынгерлерімізге жүннен тоқылған шұлық, тамақ жіберіп тұрды. Соның ішінде Арқалық қаласында тұратын, тылда 1 жыл 8 ай еңбек еткен Еркөтаева Сайран әжеміз бар. Біз ол кісіге үш жылдай барып, көмектесіп тұрдық. Бізге Сайран әже Ұлы Отан соғысының ауыртпалықтарын айтып берді. Біз ол кісінің әңгімесін бөлмей тындап отырдық. Айтқан жайттың бәрі де жан түршігерліктей. Осындай қиыншылықты көрген Сайран әжемізге біз болашақта денсаулығы мықты болып, немере-шөберелердің ортасында, әрқашан күліп-ойнап жүруін тілейміз және болашақта соғыс болмағанын қалаймыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біздің ардагерлерге деген алғысымыз шексіз. Себебі, бүгінгі мамыржай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік, бірлік нәтижесінде келді. Сондықтан оларды құрметтеу, сыйлау біздің парызымыз. Біз оларға әрқашан қарыздармыз. Ардагерлерімізге мың алғыс!

Соғыс ...Барды жоқ ететін күйретуші күш. Біз сол қатал соғыста батыр қыздарымыз бен ұлдарымыздан айырылды. Бірақ , содан бері жарты ғасырдай уақыт өтіп кетті. Ешкім де ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Барлығы Отан үшін жанын пида етті. Солардың ішінде Бауыржан Момышұлы атамыз болды. Қимылы қылыш Бауыржан атамыздың есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.

1941 жылы қазақ жауынгерлері үлкен жеңіспен оралды. Сөйтіп, қазақ халқы өзінің Отанына , жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Бүгінде біз міндетіміз: Отанды сүйуге, қастерлеуге, аялауға, әрине, халқымыздың мақтаныш ететін адал патриоттары болуға.

Ардагерлерімізге мың тағзым!

Олькова Светлана

10 «Б» сынып оқушысы Жангелді орта мектебі
Меңдіқара ауданы Қостанай облысы

Шүйінші, халқым, шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жендік жауды күресте
Жасалсын той-мереке
Т. Жароков

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар (бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар) Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Шагаева Диана

6 сынып , Михайлов ОМ

Қарабалық ауданы Қостанай облысы
Жетекшісі: Семизбаева Дана Ериковна

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды

Құрметті ардагер ата! Сізге осы хатымды жазып отырған: Михайлов орта мектебінің 6 сынып оқушысы, Шағаева Диана. Менің өмірім жақсы! Тәуелсіз, өркендеп жатқан мемлекетте тұру қандай бақыт!? Бірақ, осының бәрі оңайлықпен келген жоқ. Бұл сыйды бізге Ұлы Отан соғысының ардагерлері

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сыйлады. Қанша адам: «Елім , жерім» деп жанын қиды. Олар қалай болғанда да , жеңіске жетіп, ұрпақтарына тәуелсіздікті алып бергісі келді. Әрине, қалағандары орындалды , бірақ қандай бағамен...

Қазіргі кезде ардагерлеріміз аз қалды, қалған аз тобының өзі деңсаулықтары нашарлау , кейбіреулері мүгедек. Ал біз ардагерлерді көретін соңғы ұрпақпыз мен осы 1941-1945 жылы соғысқа қатысқан осы және арғы дүниедегі ардагерлерге мына хатымды жазып отырмын. Құрметті ардагерлер! Мен сіздерге өмір бойы риза болып өтемін. Сіздер қан мен тердің арқасында жастық дегенді білмей бізге осы өмірді сыйладыңыздар. Әрине , мен оны қайдан білемін , бірақ , кейде мен «егер мен де соғысқа қатыссам, не сезінер едім?» деп елестетемін , сондағысы көзіме көрінетін: « қан , өліктер , шаң-тозаң , әрі-бері ұшқан оқтар , кара аспан , танктер және «жау» бірақ , артыма бұрылып қарасам әжем , анам , мен , әкем , бірақ олар өз жастарынан кәрілеу, екі сіңілім өте қорқынышты....Сіздерге жай ғана алғыс айту жеткіліксіз ғой! Бірақ мен аман қалғандарыңызға Алладан денсаулық пен ұзақ ғұмыр , ал о дүниелік болғандарға Құран бағыштай аламын. Біз , сіздер өмір сыйлаған ұрпақ , сіздердің алдарыңызда бас иеміз.

Мен адаммын жаралған сүйек еттен,
Менде ар бар, менде арман бар жан тербеткен.
Халқымның қарағайлы бір ұлымын,
Арым үшін жанымды құрбан еткен.
Бауыржан Момышұлы

Мінекей , Ұлы Отан соғысының біткеніне биыл 70 жыл толып отыр. Сіздерге қазіргі бейбіт заманда өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақтарыңыздың атынан мың алғысымды білдіремін. Елімізді қорғап , ел намысын жерге таптатпай , ең соңғы демдеріңіз қалғанша халқымыз үшін , жеріміз , келер ұрпақ үшін күрестіңіздер.

Міне , сол ерен еңбектеріңіздің арқасында осындай тәуелсіз , бейбіт , тыныш елде өмір сүріп жатқанымызға өте бақыттымыз. Қазіргі біздің бақытты балалық шағымыз, ашық аспанымыз, тәуелсіздігіміз сіздің соғыстағы қауіпке толы әр күніңіздің жалғасы.

Бес жыл бойы Отанын жаудан қорғау жолында үскірік аязға , аштық пен жоқтыққа , қиындыққа қарамастан ерлік еткен ата-апаларымыз көп. Атап айтсақ олар: Бауыржан Момышұлы , Әлия Молдағұлова , Мәншүк Мәметова, Талғат Бегилдинов т.б. Өздеріңіздің ержүректеріңізбен бізге үлкен өнеге қалдырдыңыз. Ал біз сіздердің үміттеріңізді ақтауға тырысамыз , ақтаймыз деп сенемін. Сіздер біздің жүрегіміздің бір түпкірінен орын алып , мәңгілікке ұмытылмас , ғасырлар бойы естен кетпес тау-тұлға , ерекше жан болып қаласындар. Бізге осындай жарқын болашақ сыйлағаныңызға бас иіп , өз алғысымды білдіремін. Сіздей батырлар көбейе берсін!. Олардың заты өлсе де,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аты ешқашан өлмейді, халықтың жанында мәңгілік қалады. Сіздерге арнап бір
шумақ өлеңімді жолдағым келеді.

Төрт жыл бойы аянбай ерлік еткеніңіз,
Міне, енді көріп отырсыз, жеңгеніңіз.
Қорғадыңыздар әске боп елімізді,
Сол үшін сіздерге көп рахмет дей береміз!